

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 қараша N 1641. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.01. N 355 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығын орындау үшін, көлік-коммуникация кешенін басқаруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігінің құрылымы 1-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ алқаның сандық құрамы - 15 адам болып бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 64 қаулысымен.

P980064_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1249 қаулысымен.

P981249_

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі оларға қатысты мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі бекітілсін (2-қосымша).

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын (3-қосымша).

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 22 қарашадағы
N 1641 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігі (Көліккоммині) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Миссиясы

Экономика мен қоғамның көлікке және ақпаратқа деген ұлғайып келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасау.

II. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) мемлекет мүддесін білдіруге, өз құзыретінің шегінде көлік-коммуникация кешенінің кәсіпорындары, ұйымдары және шаруашылық субъектілері акцияларының мемлекеттік пакетін иелену мен пайдалану жөніндегі құқықтарды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешені Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, көлік және көлік-экспедиция қызметін, көлік құралдарын пайдалануды, жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді, байланыс қызметін көрсетуді, құрылысты, әуе жайларды байланыс құралдары мен ақпараттық жүйелері, автомобиль жолдарын, су, әуе және темір жол қатынасы жолдары мен олардағы ғимараттарды салуды, пайдалану мен ұстауды, ғылыми зерттеулер жүргізуді және көліктік-коммуникациялық кешен үшін

кадрлар даярлауды сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету мен бақылауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардан тұрады.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1249 қаулысымен.

Р 9 8 1 2 4 9 _

3. Министрлік өз қызметінде Конституцияны, заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Министрлік заңды тұлға болып табылады, оның банк мекемелерінде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мөрі, сондай-ақ тиісті бланкілері мен мөртаңбалары болады.

ІІІ. Б а с ы м д ы қ т а р ы

5. Көлік-коммуникация жүйелерін, әсіресе, тауарлар мен қызмет көрсетулерді экспорттау үшін қажетті жүйелерді жаңарту мен дамыту.

6. Тасымалдаудың алдыңғы қатарлы технологияларын, оның ішінде көліктің барлық түрлерінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ететін тасымалдау технологияларын енгізу, жылжымалы құрамды сапалы түрде жаңарту.

7. Институттық өзгертулер жасау арқылы саланы басқарудың тиімді жүйесін қамтамасыз ету, біліктілігі жоғары кадрларды тарту, жеке ғылыми зерттеу б а з а с ы н қ ұ р у .

8. Ауылдық жерлердегі тұрғындардың ең аз әлеуметтік игілігін қамтамасыз ету мақсатында ауылдың жол және коммуникация инфрақұрылымын дамыту.

ІҮ. Міндеттері, функциялары және құқықтары

Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешенін мемлекеттік р е т т е у ;

көлік пен байланыс қызметін көрсету нарығын қалыптастыруға қатысу, кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету;

көлік-коммуникация кешенінде мемлекеттік экономикалық және қаржы саясатын және институттық реформаларды жүргізу;

көлік пен байланыс саласында заңдардың, оның ішінде көлік құралдарын пайдалану кезінде қозғалыс және экология қауіпсіздігі жөніндегі заңдардың о р ы н д а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у .

Министрліктің негізгі функциялары мыналар болып табылады: көліктік-коммуникациялық кешенді дамытудың стратегиялық жоспарлары

мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
көлік-коммуникация кешенінің, шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік үлестеріне, пайларына және акцияларының пакеттеріне иелік ету және оларды пайдалану жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;
көлік және коммуникациялар саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
барлық көлік түрлері, жол шаруашылығы, коммуникациялар, почта байланысы саласында, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиацияның қызметі саласында заңдардың орындалуына бақылау ж а с а у ;

ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарына, сондай-ақ көлік пен байланыс саласының кадрларын оқытуға, даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру.

ЕСКЕРТУ. ІҮ-тарау өзгерді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.07.
N 1249 қаулысымен. P981249_

9. Министрліктің жүктелген міндеттерге сәйкес:

көлік-коммуникация кешенінің қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыруға (лицензияларды, сертификаттарды әзірлеу, беру және олардың пайдаланылуына бақылау жасау, сондай-ақ нормалар, нормативтер, стандарттар белгілеу) және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тиісті санкцияларды қ о л д а н у ғ а ;

көлік-коммуникация кешенінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің мемлекеттік үлестеріне, пайларына және акцияларының пакеттеріне иелік етуге ж ә н е о л а р д ы п а й д а л а н у ғ а ;

көлік-коммуникация кешенінің мемлекеттік кәсіпорындарының, мекемелерінің және шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бірінші басшыларымен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келісім-шарттар жасасуға;

оларда көлік-коммуникация кешенінің мемлекеттік үлестеріне, пайлары мен акциялар пакеттеріне иелік ету және пайдалану құқығы бар шаруашылық жүргізуші субъектілерді ашуға және құруға;

өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы

органдардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдауға құқығы бар;

халықаралық ұйымдарда және халықаралық кездесулер өткізу кезінде көліктік-коммуникациялық кешеннің мүдделерін білдіруге;

келісімдерді дайындауды және жасасуды жүзеге асыруға.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ абзацтармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.12.07.
N 1249 қаулысымен.

P981249_

V. Жауапкершілігі

10. Министрлік осы Ережеде көзделген міндеттердің, функциялардың және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес құқықтарды қолданудың тиісті түрде орындалуы үшін жауапты болады.

VI. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

11. Министрлікті Министр басқарады.

12. Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен босатады. Министрдің оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары (вице-министрлер) болады.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақтың екінші сөйлемі жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің
1998.02.02. N 64 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.07. N 1249
қаулысымен. P981249_

13. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке жауап береді.

14. Министр осы мақсатта:
өз орынбасарлары (вице-министрлер), Министрліктің агенттіктері, департаменттері директорларының өкілеттіктер шеңберін айқындайды;

Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Министрлікті барлық органдарда және ұйымдарда білдіреді;

Министрліктің департаменттері туралы ережелерді бекітеді;

Министрліктің басқа мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақтың 2-абзацындағы сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 64 қаулысымен.

15. Министрлікте Министрден, оның орынбасарларынан (вице-министрлерінен) және комитеттер, агенттіктер мен департаменттер басшыларынан тұратын алқа құрылады. Алқаның құрамына өзге де адамдар кіре алады.

Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақта сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 64 қаулысымен.

16. Министрлік өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

Министрлік қабылдаған шешімдер, Министрлік бұйрығымен ресімделеді.

17. Министрдің нұсқауы бойынша, ол болмаған жағдайда оның орынбасарларының біреуі орнын ауыстырады.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.02.02. N 64 қаулысымен.

18. Министрлік оның қызметін қамтамасыз ететін департаменттерден, агенттіктерден, комитеттерден және құрылымдардан тұрады. Министрліктің жанынан (Министрлікте) заңды тұлға болып табылатын департаменттер, агенттіктер, комитеттер құрылуы мүмкін. Заңды тұлғалар болып табылатын департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің тізбесін Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітеді.

19. Департаментті Министр қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады. Заңды тұлға болып табылатын департаменттердің, агенттіктердің директорларын, комитеттердің төрағаларын Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Заңды тұлға болып табылатын департаменттердің, агенттіктердің директорларының, комитеттер төрағаларының орынбасары болады, оны департамент, агенттік директорларының, комитеттер төрағаларының ұсынуы бойынша Министр қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Департамент туралы ережені және оның құрылымын Департамент директорының ұсынуы бойынша Министр бекітеді. Заңды тұлғалар болып табылатын агенттіктер, департаменттер, комитеттер туралы ережені Үкімет бекітеді.

21. Департаменттердің, агенттіктердің директорлары, комитет төрағалары департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің жұмысын ұйымдастырады және оларға басшылықты жүзеге асырады, департаменттерге, агенттіктерге, комитеттерге жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

22. Департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің штат санын Министр белгілейді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 қарашадағы
N 1641 қаулысына
1-қосымша

ЕСКЕРТУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.12.07.

N 1249 қаулысымен.

P981249_

министрлігінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Темір жол көлігі департаменті

Автомобиль жолдары департаменті

Автомобиль және су көлігі департаменті

Азаматтық авиация департаменті

Ақпараттық жүйелер департаменті

Экономикалық реттеу және мемлекеттік тапсырыс департаменті

Көлік-коммуникациялық кешенді үйлестіру департаменті(жинақтық)

Әкімшілік департаменті

Көліктік бақылау комитеті(заңды тұлға құқығында)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 11 қарашадағы

№ 1641 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрлігі оларға қатысты мемлекеттік басқарудың
уәкілетті органы болып табылатын мемлекеттік
кәсіпорындар мен мекемелердің
ТІЗБЕСІ

Автокөлік

Республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны еншілес
кәсіпорындарымен бірге

Байланыс және телекоммуникациялар

Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны еншілес
кәсіпорындарымен бірге

Көлік және коммуникациялар министрлігінің жанындағы Қазақстан
Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі
Республикалық арнайы байланыс торабы

"Промсвязь" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Автомобиль жолдары

"Қазақ автомобиль жолдары" республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

Авиация

"Қазақавианавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
"Қазақавиаробота" қазақ мемлекеттік азаматтық авиация
жобалау-іздістіру ғылыми-зерттеу институты - республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

"Мемавиарегистр" мемлекеттік мекемесі

Темір жол көлігі

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік автокөлік
кәсіпорны еншілес кәсіпорындарымен бірге

Су көлігі

Шығыс Қазақстан су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны
(Өскемен)

Павлодар су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны

Семей су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны

Атырау су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны

Орал су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны

Іле су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны (Қапшағай қаласы)

Балқаш су жолдары республикалық қазыналық кәсіпорны
"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекемелер

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік мекемелердің ақпараттық-тұсаукесер орталығы

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.09. N 1266 қаулысымен.

P981266_

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен.

P981322_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 11 қарашадағы
N 1641 қаулысына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 шілдедегі N 804 P940804_ қаулысы (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 29, 334-құжат).

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1302 P941302_ қаулысы.

"Көлік және коммуникациялар мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерін өзгерту және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 14 желтоқсандағы N 1409 қаулысының 1-қосымшасының 2 және 3 тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1994 ж., N 47, 522-құжат).

"Қызылорда облысының аумағында әскери үлгідегі автокөлік колоннасын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі N 563 P950563_ қаулысының 2-тармағы.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 836 P960836_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 265-құжат).

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 қарашадағы N 1302 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 желтоқсандағы N 1685 P 9 6 1 6 8 5 _ қаулысы .